

| | |
|---|--|
| OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы | 044-45/ 1 беттің 1 беті |
| Практикалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | |

ПРАКТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАРҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

Пән: Жақ-бет аймағының қабыну аурулары мен жарақаттары

Пәннің коды: ZhBAKAZh 4301

ОП аты: «6B10103- «Стоматология»

Сабақтың саны/кредиттер саны: 150 сағат / 5 кредит

Курс және оқу семестрі: 4 курс 7 семестр

Практикалық (семинар) сабактары: 35 сағат

2023-2024 оқу жылы
Шымкент

| | |
|---|--|
| OÝTÜSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы | 044-45/ 1 беттің 2 беті |
| Практикалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | |

Практикалық жаттығуларға әдістемелік нұсқаулар «Жақ-бет аймағының қабыну аурулары мен жарақаттары» пәнінің (силлабус) жұмыс бағдарламасына сәйкес әзірленіп, кафедра отырысында талқыланды.

Хаттама № 11 « 06 » 06 2023 ж
 Кафедра менгерушісі м.ғ.д., м.а. доцент

А.Б.Шукпаров



| | |
|---|--|
| OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы Практикалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | 044-45/ 1 беттің 3 беті |

№1 сабак

1. Тақырып: Жақ-бет аймағы бұлшық-ет аралық кеңістіктер топографиялық анатомиясы.

2. Мақсаты: Ауыз қуысы түбінің, бұлшық ет, фасция құрылымы, жасушалық кеңістік, қан жабдықтау, иннервация бойынша білімді қалыптастыру. Жақ бет аймағы абсцесс және флегмонаның ағымының ерекшеліктерін, олардың таралу жолдарын түсіну.

3. Оқытудың мақсаты:

- 1 Төменгі жақ аймағындағы абсцесстер мен флегмонадар этиологиясы, патогенезі және клиникалық белгілерін оқып үйрену.
- 2 Төменгі жақтың маңындағы тіндерінің абсцесс және флегмоналарына тән клиникалық симптомдарды анықтаудың негізгі әдістерін игеру.
- 3 Төменгі жақтың маңындағы тіндерінің абсцесс және флегмоналарын анықтау үшін тексеру жоспарын түзуді үйрену.
- 4 Төменгі жақтың маңындағы тіндерінің абсцесс және флегмоналарын басқа аурулармен дифференциалды диагностика жүргізуі үйрену.
- 5 Абсцесс және флегмона салдарынан мүмкін болатын асқынулардың алдын алу үшін ағымының қауіп қатерін бағалауды үйрену.
- 6 Жақ бет аймағындағы абсцесс және флегмоналарды алғашқы хирургиялық өндеу жүргізу кезінде оперативті қол жетімділікті қамтамасыз ету мануалды дағдыларын игеру.

- 4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:**
1. Мойынның алдыңғы аумағының (ұшбұрышының) шекаралары.
 2. Мойынның тілусті аумағының және оның құрамына кіретін ұшбұрыштардың шекаралары.
 3. Жақ асты ұшбұрышының қабатты құрылышы; құрамдас жатқан тамырлар мен жүйкелердің топографиясы.
 4. Төменгіжақ асты безі: құрылышы, қанмен жабдықтауы және иннервациясы; жақ асты ағыны; жақ асты кеңістікі топографиясы
 5. Тілдік ұшбұрыш (Пирогов ұшбұрышы): шекарасы; тілдік артерия мен венаның топографиясы.
 6. Иекастындағы ұшбұрыштың қабатты құрылышы.
 7. Ауыз қуысы түбінің бұлшық еттаралық саңылаулары.
 8. Тіласты клетчаткалы кеңістіктің шекаралары және ондағы анатомиялық құрылымдардың топографиясы.
 9. Тіл асты безінің құрылышы, қанмен жабдықтау, иннервациялау. Үлкен және кіші тіласты ағындар топографиясы.
- 5. Оқыту мен оқытудың әдістері/технологиясы:** Тақырыбын негізгі сұрақтарын талдау

| | |
|---|--|
| OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы | 044-45/ 1 беттін 4 беті |
| Практикалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | |

6. Бағалау әдістері/технологиялары: ауызша сұрау

7. Эдебиеттер. Силлабуста көрсетілген

8. Бақылау: жағдаяттық есептер-5

1- жағдаяттық есеп.

30 жастағы К. Есімді науқас хирург стоматологқа беттің асимметриясы, оң жақ жақта ауырсыну, дене қызуының 38 С-қа дейін көтерілуіне шағымданып келді. Науқасты тексергенде дәрігер оң жақ жақ аймақтағы ұртта жайылған, флюоктуация белгілері бар ауырсынатын инфильтратты анықтады, инфильтрат үстіндегі тері гиперемацияланған, қатпарға алынбайды. Ауыз қуысында бұзылған 16 тіс анықталды, оның перкуссиялағанда қатты ауырады. Тістің рентгенограммасында 16 тістің түбірлері ұштары аумағында контуры анық емес мөлшері 0,7-ге дейінгі сүйек тінінің деструкциясы байқалады.

Шағымдары, объективті тексеріп қарау және қосымша тексеру әдісінің мәліметтері негізінде «оң жақтағы беттің ұртындағы флегмона» диагнозы қойылды:. Осы флегмонаның этиологиясы қандай?

1. Одонтогенді.
2. Стоматогенді.
3. Остеогенді.
4. Аденогенді.
5. Риногенді.

2- жағдаяттық есеп.

Н. 30 жастағы науқас, оң жақтағы ұрттың одонтогенді флегмонасы тілініп ашылды. Тілінген жарадан бөлінетін ақпадан жағынды алынып бактериологиялық зерттеуге жіберілді.

Осы жағдайда микробтық флораның қандай топтары анықталады?

1. Аэробтық грамм-оң микроорганизмдердің монокультураларсы.
2. Аэробты грамм-теріс микроорганизмдер.
3. Анаэробты грамм-теріс микроорганизмдер.
4. Анаэробты грамм-оң микроорганизмдер.
5. Арапас микрофлора.

3- жағдаяттық есеп.

40 жастағы Б., жақ-бет хирургиясы клиникасына оң жақ көз астындағы жіті ірінді-қабыну үрдісінің пайда болуына шағымданып келді. Науқасты толық қарап тексергеннен кейін: оң жақтағы көз астындағы аймағындағы одонтогенді флегмонасы диагнозы қойылды. Осы анықталған флегмонаның негізгі белгілері қандай ?

1. Көз астындағы аумақтағы инфильтрат, мұрын-ерін қатпарының тегістелуі, мұрын қанатының көтерілуі, төменгі және жоғарғы қабақтың ісінуі, терісінің

| | |
|---|--|
| OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы | 044-45/ 1 беттің 5 беті |
| Практикалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | |

гиперемиясы, қатпарға алынбайды, шырышты қабықтың өтпелі қатпары өзгеріссіз.

2. Көздің астынғы жағында шектеулі, қатты ауырсынатын инфильтрат, шырышты қабықтың өтпелі қатпарында ісінуінің болмауы
3. Көз астындағы аймақта жайылған инфильтрат, тері гиперемияланған, қатпарға алынбайды, шырышты қабаттың өтпелі қатпары ісінген.
4. Көз астындағы аймақта жайылған инфильтрат, тері гиперемияланған, қатпарға алынады, шырышты қабаттың өтпелі қатпарында ісінген, ауыздың ашылуы шектеулі
5. Көз астындағы инфильтрат, мұрын-ерін қатпарының тегістелген, төменгі және жоғарғы қабақтың ісінуі, тері гиперемияланған, қатпарға алынбайды, шырышты қабықтың өтпелі қатпарында ісінудің болмауы, ауызды ашу күрт шектелген.

4 жағдаяттық есеп.

60 жастағы К. науқас жақ сүйек-бет хирургиясы клиникасының қабылдау бөліміне ауыр күйде жеткізілді. Науқасты қарап тексергеннен кейін «он жақтағы самай аймағының және самайасты шұңқырыдағы одонтогенді флегмонасы» диагнозы қойылады. Флегмонаны тіліп ашқаннан кейін қабыну ошағынан бөлінетін ақпа бактериологиялық зерттеуге жіберілді.

Ірінді-қабыну процестерін емдеу кезінде дәрі-дәрмектердің неғұрлым ұтымды комбинациясын белгілеңіз.

1. Ағзаның дәрілерді қабылдай алудың жеке-дара жағдайы және антибиотикограмма ескеріліп, бактерияға қарсы заттар, қабынуға қарсы препараттар, дезинтоксикациялық препараттар, иммуностимуляциялық заттар, витаминдер, диуретиктер.
2. Бактерияға қарсы заттар, іріп-шіруге қарсы препараттар, дезинтоксикациялық препараттар, иммуностимуляциялық заттар, витаминдер, диуретиктер.
3. Бактерияға қарсы дәрілер, дезинтоксикациялық препараттар, иммуностимуляциялық құралдар, витаминдер, диуретиктер.
4. Ағзаның дәрілерді қабылдай алудың жеке-дара жағдайы және антибиотикограмма ескеріліп, антибактериалдық дәрілер, іріп-шіруге қарсы заттар, иммуностимуляциялық заттар, витаминдер, диуретиктер.
5. Бактерияға қарсы заттар, іріп-шіруге қарсы препараттар, витаминдер, иммуностимуляциялық препараттар.

5- жағдаяттық есеп

B., 65 жастағы науқас жақ сүйек-бет хирургиясы клиникасына ауыр ахуалда, жоғарғы жақтың сол беті тұсындағы бірнеше талшықты кеңістіктің

| | |
|---|--|
| ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы | 044-45/ 1 беттін 6 беті |
| Практикалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | |

флегмонасымен жеткізілген. Дәрігер науқасқа операция алдында дәрі-дәрмектік терапия жүргізу туралы шешім қабылдады. Жіті ірінді қабыну процестері кезінде операция алдындағы дәрі-дәрмектік терапия қажет пе, және, егер қажет болса, қандай?

1. Қажет.
2. Қажеті жоқ.
3. Ағзаның дәрілерді қабылдай алудың жеке-дара жағдайы және антибиотикограмма ескеріліп, антибактериалдық дәрілер, іріп-шіруге қарсы заттар қажет.
4. Гемодинамика көрсеткіштерін ескере отырып қажет: қан қысымын қалыпқа келтіретін дәрілер; дезинтоксикациялық терапия, шіруге қарсы препараттар, диуретиктер.
5. Гемодинамика көрсеткіштерін ескере отырып: қан қысымын қалыпқа келтіретін заттар, тыныс алу анальгетиктері қажет.

№2 сабак

1. Тақырып:

Жақ-бет аймағының жедел ірінді одонтогенді қабыну үрдістері.

Периодонтит. Жедел серозды периостит. Жедел ірінді периостит. Созылмалы периостит.

2. Мақсаты: Жақ-бет аймағының жедел ірінді одонтогенді қабыну ауруларының патогенезін анықтау жайлы білімдерді және дағдыларды қалыптастыру. Ауыз қуысы микрофлорасы ерекшеліктері.Периоститті дренаждау әдістері. Жедел ірінді одонтогенді қабыну ауруларының ерекшеліктері.Басқа аурулармен дифференциалды диагностикасы.

Хирургиялық емдеу тәсілдері.Аурудың ағымы және нәтижесін болжаяу. Стационар жағдайда емдеуге көрсетілімдер.

3. Оқытудың мақсаты: Білім алушы жақ-бет аймағының жедел ірінді одонтогенді қабыну үрдістері туралы теориялық білімді игеру қажет.

Периоститті лимфадениттен дифференциалды ажыратуды үйрену қажет. Сүйекасты абсцесстерді тіліп кесуді үйрену.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Периостит этиологиясы
2. Клиникасы, диагностикасы.
3. Дифференциалды диагностикасы
4. Емдеу
5. Қолданылатын дәрілер

| | |
|---|--|
| ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы | 044-45/ 1 беттің 7 беті |
| Практикалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | |

5. Оқыту мен оқытудың әдістері/технологиясы: Тест тапсырмалары мен жағдаяттық есептерді шешу

6. Бағалау әдістері/технологиялары: Тесттік тапсырмалардың орындалуын бағалау, жағдаяттық есептерді шешуін бағалау

7. Әдебиеттер: Силлабуста қорсетілген.

8. Бақылау:

Жақтың жіті периоститі - бұл:

- 1) бірнеше тіс бойы альвеолярлық өсіндінің сүйек үсті қабығының шектеулі қабынуы;
- 2) тіс альвеоласының сүйек үсті қабығының жайылған қабынуы;
- 3) альвеолярлық өсіндінің сүйек үсті қабығының ажырауы;
- 4) периодонтты қоршаған сүйек тініндегі жұқпалы ірінді-некротикалық процесс.

Жіті одонтогенді периоститтің түрлерін атап өтініз:

- 1) серозды;
- 2) ірінді;
- 3) оссификацияланған;
- 4) фиброзды.

Жақтың жіті одонтогенді периоститінің себептері:

- 1) антисептикалық өндөу жеткіліксіз жағдайда тіс түбірлерін пломбалау;
- 2) пломбалау материалын тіс түбірі ұшынан шығару;
- 3) өткізгіш анестезияны орындау техникасын сақтамау;
- 4) радикулярлық немесе фолликулярлық кистаның іріндеуі;

Жіті ірінді периоститке мынадай жалпы клиникалық көріністер тән:

- 1) жалпы көніл-күйінің нашарлауы;
- 2) дене қызуының 38 дейін көтерілуі;
- 3) қызба;
- 4) жақтың тиісті жартысында ауырсыну;
- 5) ұштікті нерв тармақтарының барысы бойынша ауырсынудың иррадиациясы;
- 6) жақ маңындағы тіндердің қалыпты ісінуі;
- 7) өнірлік лимфа түйіндерінің ұлғаюы.

Жақтың жіті ірінді периоститіне мынадай жергілікті клиникалық көріністер тән:

- 1) 2-3 тіс қатары бойында шырышты қабығының гиперемиясы мен ісігі;
- 2) түбір ұшының проекциясы саласындағы альвеолярлық өсіндінің шырышты қабығы ісінуі мен гиперемиясы;
- 3) өтпелі қатпардың тегістеліуі;

| | |
|---|--|
| OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы | 044-45/ 1 беттің 8 беті |
| Практикалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | |

- 4) өтпелі қатпардың білік тәрізді шығуы;
- 5) инфильтрат аймағындағы флюктуация белгісі;
- 6) ауру перкуссиясы және себепті тістің қозғалысы;
- 7) ауру перкуссиясы және тіс тобының қозғалысы;
- 8) жақ маңындағы тіндердің қалыпты ісінуі;
- 9) өңірлік лимфа түйіндерінің ұлғаюы.

Жіті периостит кезіндегі рентгенологиялық белгілер:

- 1) жоқ;
- 2) созылмалы периодонтиттің рентгенологиялық белгілеріне сәйкес келеді;
- 3) периапикалды аймақтың ошақтық немесе диффузиялық остеопорозы.

Жақтың жіті периоститін қандай оқшаулау кезінде сыртқы клиникалық көріністер жоқ?

- 1) бірінші премолярдың немесе бірінші молярдың сүйек асты абсцесстің дамуы кезінде;
- 2) егде адамдарда;
- 3) төменгі жақтың тілдік жағынан

Жіті одонтогенді периостит үшін емдеудің қандай нұсқасы қолайлы жақтары?

- 1) тек хирургиялық емдеу;
- 2) тек дәрі-дәрмектік терапия;
- 3) кешенді (хирургиялық және дәрі-дәрмектік).

Жақтың жіті ірінді периоститі кезінде хирургиялық емдеу:

- 1) себепті тісті алып тастау және периостотомия жүргізу;
- 2) периостотомия жүргізу және тіс қуысын ашу;
- 3) тіс тубірі үшін периостотомия және резекция жүргізгенде

Жіті периостит кезінде хирургиялық емдеу жүргізу үшін инфильтрациялық анестезия:

- 1) инфильтраттың аумағында;
- 2) инфильтратпен шекарадағы сау тіндер;
- 3) инфильтрат аймағына және оның айналасына;
- 4) сүйектің астына.

Периостит кезінде себептік тістерді алып тастамайды, егер:

- 1) тіс тубірі каналы жақсы өтетін тістер;
- 2) түбір арналары бір күн бұрын жақсы пломбаланған тістер;
- 3) бұл өтпейтін арналары бар тістер;
- 4) себепті тіс міндетті түрде алып тастауға жатады.

Жақтың жіті периоститі кезінде ірінді ошақты хирургиялық өндеу мыналарды жүргізеді:

| | |
|---|--|
| OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы | 044-45/ 1 беттің 9 беті |
| Практикалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | |

- 1) 2-3 тіс деңгейінде өтпелі қатпар бойынша шырышты қабық пен сүйек үстін кесіп;
- 2) 4-5 тіс деңгейінде өтпелі қатпар бойынша кең босаңсызатын тілік;
- 3) себеп тіс түбірінің, ал одан әрі тек шырышты қабықтың жоғарғы бөлігінің проекциясы аумағындағы сүйек үстін жара отырып;
- 4) жақтың альвеолярлық өсіндісінің бекітілген қызыл иек саласында.

Жақтың жіті периоститі кезінде тіндердің бөлінуінен кейін жараға мыналарды енгізеді:

- 1) резенке қолғап дренажы;
- 2) дәке дренажы;
- 3) құбырлы дренаж;
- 4) жараны құргатпауға болады.

Тандай абсцесстерін хирургиялық өндеу кезінде.... тілік жүргізіледі:

- 1) сызықтық;
- 2) үшбұрышты, жұмсақ тіндердің шағын бөлігі кесілген;
- 3) трапеция тәрізді;
- 4) альвеолярлық өсіндінің шетіне параллель

Жақтың созылмалы периоститінің себебі не?

- 1) периодонттағы созылмалы қабыну процесі;
- 2) сүйек үстінің бөгде денелермен ұзақ тітіркенуі (тіс протездері);
- 3) себепті тісті ерте пломбалау.

17. Распатор қандай мақсатта пайдаланылады?

- 3) сүйек сүйегі қабығын сүйектен бөлу;
- 1) сүйекті қызып өту үшін;
- 2) сүйек шығыңқыларының тегістеуі;
- 4) сүйек қыстыарын жұлып алу;
- 5) бас сүйегін трепанациялау кезінде кіру саңылауларын қалыптастыру.

Қан тоқтататын қысқыштар қандай мақсатта пайдаланылады?

- 2) қан кетуді уақытша тоқтату;
- 1) сүйекті сүйектен бөлу үшін;
- 3) қан кетудің соңғы тоқтауы;
- 4) лигатураларды ірі ыдыстардың астына келтіру;
- 5) фасцияларды кесу кезінде ірі ыдыстарды қорғау.

24. Қандай жағдайларда жараға қайталама тігістер салынады?

- 5) ірінді жараны емдеу аяқталғаннан кейін.
- 1) жараны алғашқы хирургиялық өндеуден кейін;
- 2) беткі жарақатты тігу кезінде (тері шегінде);
- 3) жарақатты кеш мерзімде хирургиялық өндеу кезінде (жарақат алған сәттен бастап 24 сағаттан астам);

| | |
|---|--|
| OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы | 044-45/ 1 беттің 10 беті |
| Практикалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | |

4) жарақатты кеш мерзімде хирургиялық өндеу кезінде (жарақат алған сәттен бастап 48 сағаттан астам);

№3 сабак

1. Тақырып: Жақ-бет аймағының фурункулдары мен карбункулдары.

Абсцесс.Муляждарда іріндіктерді ашу

2. Мақсаты: Жақ-бет аймағының жедел ірінді одонтогенді қабыну үрдістерінен кейінгі ықтимал асқынуларын зерделеуде дағдыларды қалыптастыру.

3. Оқытудың мақсаты: Білім алушы фурункул мен карбункулдың клиникалық ерекшеліктерін білу қажет.

Карбункул мен фурункулды саралай білу. Емдеу әдістерін білу.

4. Тақырыптың негізгі сұраптары: 1. Фурункул және карбункулдың этиологиясы

2.Клиникасы.диагностикасы.

3.Дифференциалды диагностикасы.

4 Емі.

5 Қолданылатын дәрілер

5. Оқыту мен оқытудың әдістері/технологиясы: Тақырыбының негізгі сұраптарын және тәжірибелік жұмыстарды орындау, шағын топтарда жұмыс жасау

6. Бағалау әдістері/технологиялары: ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстарды орындаудың бағалау

7. Әдебиеттер: Силлабуста көрсетілген

8.Бақылау:

1-тапсырма

В. 50 жастағы науқас қырыну кезінде төменгі жақ сүйегінің бұрышында кішкене беткі жара алған. Оны йод ерітіндісімен өнделді, 4 күн бойы науқасты ешнәрсе мазаламады. Содан кейін, бұл аймақта бірте-бірте ұлғайып келе жатқан гиперемия мен гипертермиясыз аздаған ауру ісінуді атап өтті.

Дәрігерге қаралмаған. Күн сайын жергілікті жылы жылытықшын жылытып отырған. Бірақ, ауырсыну өткен жоқ. Инфильтрат көлемі - 4x5 см болып, тығыз болды, оның үстінде шамалы гиперемия пайда болды, дене қызыу субфебрильді. 8-ші тәуліктे температурасы кешке 39 градусқа дейін қөтерілді, тацертең - 37,2. Инфильтрат аймағында флюктуация пайда болды, ауызды ашудың қыындаған. Содан кейін дәрігерге баруға мәжбүр болды.

| | |
|---|--|
| OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы | 044-45/ 1 беттің 11 беті |
| Практикалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | |

Сұрақтар:

1. Сіздің диагнозыңыз?
2. Осы нозологиялық формаға нақты анықтама берініз.
3. Осы оқшаулауды ескере отырып, қандай ірінді аурулармен дифференциалды диагноз жасау қажет?
4. Флюктуация белгісі нені дәлелдейді?
5. Бұл патологияны емдеу?

2-тапсырма.

65 жастағы науқас иекастындағы сыздауықты сығып алды. З күннен кейін осы жерде ауырсынудың күшеюін атап өтті, гиперемия, қатты ісіну, жергілікті гипертермия пайда болды. Өз бетінше емделді, Вишневский жақпа майы бар таңғышты қолданды. З күннен кейін температура 38 градус Цельсийге дейін көтерілді, гиперемия, ауырсыну, иек аймағындағы ісік ұлғайды. Бұрынғы фурункул орнының ортасында 2x2 см лас сұр түсті ошақ бар. 6 тәуліктен кейін дәрігерге барды, резенке тұтікшелермен жарақатты дренаждау арқылы хирургиялық араласу жасалды.

Сұрақтар:

1. Сіздің диагнозыңыз?
2. Осы патологияның ең жиі кездесетін микробтық қоздырғышы?
3. Осы патологияны қандай аурулармен саралау қажет?
4. Осы науқасқа қандай хирургиялық араласу жасалды?
5. Операциядан кейінгі кезеңде осы патологияны емдеу?

3 тапсырма

Ауру К., саяжайда жүргендеге сол жақ бетін жәндік шағып алған. Тұнде шаққан аймағында қатты қышыну болды, сол себепті тырналған жаракат орын алды. Екі күннен кейін саяжайдан үйге келгенде, шаққан жерінен ісік, айқын гиперемиясыз ауырсыну пайда болды. Бұл аумакты спиртпен өндеп, димедрол таблеткасын қабылдаған. Дәрігерге бармады, жұмысқа барды. З күннен кейін әлсіздік байқала бастады, температура 38,2 градус Цельсийге дейін көтерілді, сол жақ жақта ісік ұлғайды, ауырсыну күшіне түсті, гиперемия пайда болды, ісік екі жағынан параорбитальді клетчаткаға көшті, инфильтрат орталығында флюктуация байқалады.

Сұрақтар:

1. Сіздің диагнозыңыз?
2. Осы науқаста негізгі аурудың қандай асқынуы пайда болды?
3. Науқаста қандай ең қауіпті асқыну пайда болуы мүмкін?

| | |
|---|--|
| OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы | 044-45/ 1 беттің 12 беті |
| Практикалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | |

4. Науқаста бар негізгі нозологиялық нысанның барлық жіктемелерін көрсетініз?
5. Асқынғандарға байланысты науқасқа қосымша қандай емдеу (негізгіден басқа) тағайындау керек

4-тапсырма.

Ауру М. бастын түкті бөлігінің жұмсақ тіндерінің жарақаттануынан кейін 3-ші күні температура 37,8 градус Цельсияға дейін көтеріліп, жараның айналасындағы ауырсыну қүшіне түсті. Дәрігерге бармады. 3 күннен кейін - температура - 38,6 градус Цельсия, маңдай аймағын қамтыған жарақат аймағында ісік және гиперемия, 110 уд/мин дейін тахикардия, ауыздың күрғауы, сусау, бастың ауыруы, әлсіздік пайда болды, осыған байланысты дәрігерге жүгінді.

Сұрақтар:

1. Сіздің диагнозыңыз?
2. Бұл асқынудың даму себебі қандай?
3. Кездескі жарапанған барлық науқастарға инфекцияның қандай түрлерінің алдын алуды орындау қажет?
4. Кездескі жарапанған науқастарға профилактикалық іс-шараларды орындау техникасы.
5. Осы асқынуды емдеу?

5-тапсырма.

52 жастағы С. науқасы емханаға жоғарғы ерінінде тығыз, ауырсыну инфильтратының болуына, бас ауруына, дене қызуының 37,4 градус Цельсийге дейін көтерілуіне шағымданды. Тексеру кезінде - терінің гиперемиясы және айналасында ісігі бар жоғарғы еріннің инфильтраты 1,0x1,5 см. Науқасқа Вишневскийдің жақпа майы таңылып, антибиотиктер тағайындалып, содан кейін үйіне жіберілді. 2 тәуліктен кейін науқастың температурасы 40 градус Цельсийге дейін көтерілді, инфильтрат көлемі ұлғайды, орталықта ірінді өзек пайда болды, бастың қатты ауыруы, қалтырау байқалып, жедел жәрдем арқылы ауруханаға жатқызылды.

Сұрақтар:

1. Сіздің диагнозыңыз?
2. Емхана дәрігерінің тактикасы дұрыс ма?
3. Науқас қай бөлімшеге жатқызылды?
4. Бұл патологияның асқынулары қандай?
5. Емдеу?

| | |
|---|--|
| OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы | 044-45/ 1 беттің 13 беті |
| Практикалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | |

6-тапсырма.

20 жастағы науқас, иек аймағының қатты ауырсынуына шағыммен жеткізілген, таңертенгілікте қалтырап, дene температурасының 40градус С көтерілген. Емге жатқызу кезінде: дene қызыу 39,5 градус С. Жағдайы ауыр. Төменгі ерін мен иек аймағының жұмсақ тіндердің ісінүү. Бұл аумақтың терісі түс жағынан өзгерген жоқ, қатпарға жиналады. Пальпация ауыртпалықсыз. Жақ асты лимфа түйіндегі екеуі де үлкейген, оларды пальпациялағанданда ауыр. Ауыз қуысында, төменгі жақтың альвеолярлы болігінің тілдік және вестибулярлық жақтарында жұмсақ тіндердің коллатеральды ісік бар. Төменгі еріннің оң жақтағы қызыл жиегінің шырышты қабығында қызыл жиектің үстінен шығыңқы дөңгелек пішін, көгілдір түсі, жұмсақ, ауыртпалықсыз. Ауруды мазаламайды, өсінді баяу өсіп жатыр.

Сұрақтар:

- 1 Алдын ала диагноз қойыныз.
- 2 Түпкілікті диагноз қою үшін қандай қосымша мәліметтер қажет?
- 3 Емдеу жоспарын жасаңыз.
- 4 Қандай деректер маңызды емес? Олардың құрастыру үшін маңызы бар ма? науқасты емдеу жоспары?
- 5 Осы патологиясы бар пациенттерді диспансерлеу және оңалту қалай жүзеге асырылады. Пациентті сауықтырудың негізгі гигиеналық және стоматологиялық аурулардың таралуы, олардың ерте диагностикасы, пайда болуы және даму себептері мен жағдайларының болуына бағытталған шараларына оқыту тактикасы қандай?

№4 сабак

1. Тақырып: Одонтогенді гайморит. Жақ-бет синусының перфорациясы және жыланкөздері. Диагностика және емдеу принциптері. Рентген суреттурін оку және талдау.

2. Мақсаты: Одонтогенді гайморитті диагностикалау мен емдеуде білім мен дағдыларды қалыптастыру.

3. Оқытудың мақсаты: Білім алушы клиникалық көріністі білу.

Перфорация кезінде көмек көрсете білу.

Гаймор қуысының перфорациясының клиникалық суретін көрсету.

Гаймор қуысының перфорациясын ауыстыру әдістерін көрсету.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Одонтогенді гаймориттің этиологиясы.
2. Клиникасы, диагностикасы.
3. Дифференциалды диагностика.

| | |
|---|--|
| OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы | 044-45/ 1 беттің 14 беті |
| Практикалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | |

4 Емдеу.

5 Дәрі-дәрмекпен сүйемелдеу.

5. Оқыту мен оқытудың әдістері/технологиясы: тест тапсырмаларын орындау, жағдаяттық міндеттерді шешу

6. Бағалау әдістері/технологиялары: Тесттік тапсырмалардың орындалуын бағалау, жағдаяттық есептерді шешуін бағалау

7. Әдебиеттер: Силлабуста көрсетілген

8. Бақылау:

1 Мандай қуысының қалыпты даму нұсқаларына төменде көрсетілгендердің барлығы жатады, мыналардан басқа:

А) екі жағынан қуыстардың болмауы

Б) оң жағынан қуыстың болмауы

В) сол жағында қуыс болмағанда

Г) ортаңғы сызық бойынша жалпы қуыстың болуы

2 Төменгі мұрын раковинасы-бұл ...:

А) дербес сүйек

Б) торлы сүйек өсіндісі

В) сыналық сүйек өсіндісі

Г) жоғарғы жақ сүйегінің өсіндісі

3 Иіс сезу анализаторының қабық орталығы:

А) мандайлық аумағында

Б) тәбе аумағында

В) самай үлесінде

Г) шүйде бөлігінің

4 Сыналы қуыстың жоғарғы қабырғасы шекаралас:

А) үңгірлі венозды қуыспен

Б) гипофизмен

В) ішкі үйқы артериясымен

Г) көру нервтерінің қылышымен

5 Мандай қуысының төменгі қабырғасы шекаралас:

А) мұрын қуысымен

Б) көз қуысымен

В) гаймор қуысымен

Г) алдыңғы бас сүйек шұнқырымен

32 Жіті гайморит кезінде зерттеудің қосымша әдістеріне:

А) мұрын манындағы қуыстардың рентгенографиясы

Б) биопсия

В) алдыңғы риноскопия

Г) артқы риноскопия

33 Жіті гайморит кезінде тексерудің негізгі әдістеріне:

| | |
|---|--|
| OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы | 044-45/ 1 беттің 15 беті |
| Практикалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | |

A) мұрын маңындағы қуыстардың рентгенографиясы

Б) биопсия

В) алдыңғы риноскопия

Г) артқы риноскопия

34, Жақ қуысының диагностикалық пункциясы мұрын қуысы арқылы

жүргізіледі:

А) төменгі

Б) орташа

В) жоғарғы

Г) жалпы

35 Мандай қуысында іріңің болуының сипатты белгісі:

А) қуыстың гомогенді қараңғылануы

Б) қарқынды қабырғалық қараңғылауы

В) қуыс пішінің өзгеруі

Г) қуыстағы сұйықтықтың көлденен дәнгейі

36 Одонтогенді гайморитте « себепті » тісті.....:

А) жұлу қажет

Б) консервативті емдеу қажет

В) динамикада байқау қажет

Г) парадонтологта емдеу қажет

37, Бет фурункулының типтік клиникалық белгісі:

А) гиперемиялық терінің ауырсыну бөлігі

Б) ірінді-некроздық өзегі бар қызғылт түсті инфильтрат

В) терідегі ірінді бөртпе

Г) айқын контурлары бар терінің гиперемияланған бөлігі

42 Ересектердің мұрын тыныс алуының ұзақ уақыт бұзылуы:

А) жүрек-қан тамыры жүйесінің патологиясы

Б) төменгі тыныс алу жолдарында жиі қабыну процестеріне

В) асқазан-ішек ауруларының пайда болуы

Г) бас сүйек ішіндегі асқынудардың дамуы

52 Жіті синуситтерді хирургиялық емдеу:

А) көзішілік және бас сүйек ішіндегі асқынудардың туындау қаупі

Б) аурудың барлық жағдайларында

В) ешқашан

Г) консервативті емдеудің әсері болмаған

53 Жоғары мұрын жолындағы ірінді бөліну мыналарға тән:

А) жақ қуысының эмпиемасы

Б) мандай қуысының эмпиемасы

В) сыналы қуыс эмпиемасы

Г) торлы лабиринттің артқы жасушаларының эмпиемасы

| | |
|---|--|
| OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы | 044-45/ 1 беттің 16 беті |
| Практикалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | |

54 Ірінді гайморит кезінде патологиялық бөлінетін мынашардан агады:

- А) ортаңғы мұрын жүрісі
- Б) жоғары мұрын жүрісі
- В) төменгі мұрын жүрісі
- Г) жалпы мұрын жүрісі

Жақ асты қуысына инфекция түсіі мүмкін:

- А) травматикалық жолмен
- Б) одонтогенді жолмен
- В) риногендік жолмен
- Г) отогенді жолмен

57 Іріннің кетуі үшін ең жақсы жағдайлар:

- А) маңдай қуысы және торлы лабиринттің алдыңғы жасушалары
- Б) сыналы қуыс
- В) торлы лабиринттің артқы жасушалары
- Г) жақ жақ қуысы

71, Жоғарғы жақ қуысының жоғарғы қабырғасы шекаралас:

- А) көз қуысымен
- Б) маңдай қуысымен
- В) торлы лабиринтпен
- Г) алдыңғы бас сүйек шұңқырымен

72 Жоғарғы алдыңғы жүріс:

- А) алдыңғы және ортаңғы мұрын раковиналары
- Б) ортаңғы және жоғарғы мұрын раковиналары
- В) ортаңғы мұрын раковинасымен және мұрын қуысының түбімен
- Г) төменгі мұрын раковинасымен және мұрын қуысының түбімен

№5 сабак

1. Тақырып: Жақ-бет аймағының абсцесстері мен флегмоналары. Жіктелуі.
Диагностика және емдеу принциптері.

2. Мақсаты:

- одонтогенді ірінді-қабыну процестерінің этиологиясы мен патогенезі
- одонтогенді микрофлора ерекшеліктері
- клетчаткалы кеңістіктердің шекаралары
- ірінді экссудаттың таралу жолдары
- абсцесс және флегмон симтомдары
- бет-жақ аймағының ірінді-қабыну процестерімен ауыратын науқастарды тексеру әдістері бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыру

| | |
|---|--|
| OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы | 044-45/ 1 беттің 17 беті |
| Практикалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | |

3. Оқытудың маңызы: Білім алушы бас пен мойынның топографиялық анатомиясын, іріңді-қабыну процесінің таралу жолдарын мен өзгешеру. Жақ сүйек-бет аумағындағы абсцесстер мен флегмоналар кезінде жедел қол жеткізу әдістерін білу

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Абсцесс этиологиясы және бет-жақ аймағының флегмоны.
2. Клиникасы, диагностикасы.
3. Дифференциалды диагностика.
- 4 Емдеу.

5 Дәрі-дәрмекпен сүйемелдеу

5. Оқыту мен оқытудың әдістері/технологиясы: Тақырыбының негізгі сұрақтарын және тәжірибелік жұмыстарды орындау, шағын топтарда жұмыс жасау

6. Бағалау әдістері/технологиялары: ауызша сұрау, тәжірибелік жұмыстарды орындауды бағалау

7. Әдебиеттер: Силлабуста көрсетілген

8. Бақылау:

1- тапсырма

42 жастағы В науқас, хирургиялық стоматология клиникасына екі күн бұрын түскен. Тексеру кезінде диагноз қойылды: он жақтан самайасты шұңқырдың абсцессы. Ауызішкілік жолмен тілік жүргізілді, аз мөлшерде іріңді бөлінді, дренаж енгізілді. Қабынуға қарсы терапия тағайындалды. Алайда, науқастың жағдайы жақсарған жоқ. Ауырсыну жалғас берді, дене қызыуы 38,3 С шегінде сақталады, 12 сағат бұрын науқас оң көздің көру өткірлігінің төмендеуіне шағым білдірген, ол осы уақытқа дейін үдең келеді. Функциялардың бұзылу дәрежесі мен сипаты (ауыз ашудың шектелуі, жұтқан кезде ауырсыну) өткен кезеңден өзгерген жоқ.

1 Осы науқасқа аурудың осындай ағымы немен байланысты болуы мүмкін?

2 Бұл жағдайда қандай асқынуды болжауға болады?

2-тапсырма

37 жастағы А ауруы оң жақ ұртта ауырсынатын ісіктің барына шағымданды. Ауызды ашқан кезде, тамақтанған кезде, сөйлескен кезде ауырсыну күшнейеді. Беттің күрт асимметриясы, он жақтың терісінің гиперемиясы, жалпы әлсіздік, дене қызынының көтерілуі байқалады.

1 Жоғарыда аталған шағымдар болған жағдайда қандай ауруларды болжауға болады?

2 Емдік тактика белгіленген диагнозға қалай байланысты болады

3- тапсырма

| | |
|---|--|
| OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы | 044-45/ 1 беттін 18 беті |
| Практикалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | |

5 жастағы бала тәменгі жақ сүйегінің сол жақта ауыруына, жұмсақ тіндердің ісінуіне шағымданады. 3 күн сырқаттанып, 75 тіс қайта ауырды. Өз бетінше емделді, ауырсыну күшейіп, ісік пайда болды. Объективті: дене температуrasы - 37,4 °C. Тәменгі жақтың сол беті мен жақ астындағы жұмсақ тіндердің ісінуі есебінен бет асимметриясы байқалады. Терінің түсі өзгерген жоқ. Ұлғайған, ауырсынған, айналасындағы тіндермен дәнекерленбegen жақ асты лимфа түйіндері пальпацияланады. Ауыз қуысындағы 75 тісте терең кариоздық қуыс бар. Перкуссия кезінде тіс қозғалмалы, ауырады. Қызыл иекте ірінді бөлінетін жыланкөздер бар. Көршілес тістері перкуссия кезінде ауыртпалықсыз. Шырышты қабықтың өтпелі қатпары ісінген, гиперемияланған, бірақ флюктуация белгілері жоқ. Пальпация кезіндегі ауырсыну.

1 Диагнозды тұжырымдаңыз.

2 Баланы емдеу жоспарын жасаңыз.

4-тапсырма.

8 жастағы бала тәменгі жақ астындағы аймақта пальпация кезінде ауырмайтын «ісіктің» болуына шағымданады. 2 айдан астам уақыт бұрын тәменгі жақ сүйегінің тістері мазалаған кезде байқаған. Дәрігер тістерді егеп ашты, ауырсыну біртіндеп өтті, бірақ жақ астындағы «ісік» сақталды. Объективті: тәменгі жақ астындағы аумақтың он жағында диаметрі 1,5 × 1,5 см, тығыз, пальпация кезінде нашар ауырсынатын, қоршаған тіндермен және терімен дәнекерленбegen инфильтрат пальпацияланады. Оның үстіндегі тері түсі өзгерген жоқ. Ауыз қуысында 55 және 54 тістер - терең кариоздық жолақтары бар, перкуссия кезінде ауыртпалықсыз. Қызыл иекте ағыны сирек бөлінетін жыланкөздер бар. Қалған тістері интактті, сау. ЛОР-органдарда өзгеріс байқалмайды. Рентгенограммада - 55, 54 тістердің түбірлері аймағында диаметрі 5 мм-ге дейінгі анық емес шектері бар сүйек тінінің деструкция ошағы.

1 Диагнозды тұжырымдаңыз.

2 Баланы емдеу жоспарын жасаңыз.

№ 1 жағдаяттық есеп

69 жастағы пациент К. тәменгі жақтың сол бетіндегі тістерде құлакқа, самайга таралатын үнемі ауырсынуы, сол жақ бетінің ісінуі, ауыздың шектеулі ашылуы, жалпы әлсіздік, дене қызуының 39 ° C дейін көтерілуі, бас ауруы, аппетиттің тәмендеуі, нашар үйқыға шағымданумен жақ бет хирургия бөлімшесіне тұсті. Аурудың даму анамнезі: Жарты жыл бұрын 3.7 тіс асқынған кариес себебінен емделді. Екі күн бұрын тістің ауыруы пайда болды. Келесі күні ауырсыну күшейіп, құлаққа, самайға, мойынға қарай иррадиация

| | |
|---|--|
| OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы | 044-45/ 1 беттің 19 беті |
| Практикалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | |

жасайды. Дене қызыу 38,8 ° С дейін көтерілді. Науқас «найз» препаратын қабылдады, оның көмегі болады. Өмірдің анамнезі. Созылмалы калькулездік холециститпен ауырады. Туберкулез, вирустық гепатит, венерологиялық аурулары, АҚТҚ ауруларымен ауырмаған. Аллергоанамнез қалыпты. Объективті: Жалпы жай-күйі жалпы интоксикация синдромы есебінен орташа ауырлықтағы, дене температурасы 39,1 ° С. Пульс 112 соғу/мин, әлсіз толтырылған, ырғақты. АҚ сынап бағаны бойынша 140/90 мм. Жұмсақ тіндердің ісінуі есебінен бет асимметриялы. Терінің түсі физиологиялық жағдайда. Төменгі ерін мен иек терісінің сол жақтан сезімталдығы жоқ. Ауыздың ашылуы 1,0 см-ге дейін шектелген, Төменгі жақтың альвеолярлық бөлігінің шырышты қабығы сол жақтан гиперемияланған, вестибулярлық және тілдік жақтарынан 3,5-тен 3,8-ге дейін тістерге дейін ісінген. Тіс аралық біліктері гиперемияланған, қызыл иектің шетінен ірінді экссудат бөлінеді. 3.6.тістің тік перкуссиясы ауырытпалықсыз, 3.5, 3.7, 3.8. тістерде ауырады. Төменгі тістердің патологиялық қозғалысы сол жағынан I-II дәрежелі. Тістің ауызішлік рентгенограммасында 3.6: сауыттық бөлігі пломбамен қапталған, 3.6.тістің медиальдық және дистальдық түбір арналары пломбаланған. Тістің медиальды түбіріндегі сүйек деструкциясының периапикалды ошағы тегіс шекаралы, дөңгелек пішінді, диаметрі 7 мм-ге дейін. Тіс аралық қалқалардың сүйек тінінің биіктіктің 1/3-не тік резорбциясы, ошақтық остеопороз.

- 1 Алдын ала диагноз қойып, оны негізденіз.
- 2 Диагнозды нақтылау үшін зерттеудің қандай қосымша әдістері қажет?
- 3 Дифференциалды диагностика жүргізіңіз.
- 4 Емдеу жоспарын жасаңыз, емдеу тәртібі мен кезеңдерін сипаттаңыз.
- 5 3.7. тіске қатысты тактика қандай?
- 6 2.1 тіске қатысты одан арғы тактикасын анықтаңыз

№ 2 жағдаяттық есеп

В., 40 жастағы пациент оң жақ жақ сүйек астындағы ісікке шағымданып стоматологиялық емханаға жүгінді. Аурудың даму анамнезі. З ай бұрын оң жақтағы төменгі жақ сүйегінің қатты ауыруы, оң жақтағы жақ астындағы жұмсақ тіндердің ісінуі пайда болды. Ауру тәбеттің төмендеуімен, әлсіздікпен, дене қызыуының 38,7 °С дейін көтерілуімен қатар жүрді. Тұрғылықты жері бойынша стоматолог-хирургтің қабылдауына бардым, бұзылған 4.6 тіс алынды. Ауырсыну азайды, дене қызыу 37 °С дейін төмендеді.

2 апта бұрын қалқаншада ірінді бөлінушісі бар жыланкөз пайда болды. Өмірдің анамнезі. Гипертониялық ауру. Бронх демікпесі. Созылмалы гастрит. Аллергоанамнез тыныш. Объективті. Жалпы жағдайы қанағаттанарлық. Тыныс алу еркін. ТСС 70 уд/мин. АҚ 150/90 мм сынап. ст. Дене температурасы

| | |
|---|--|
| OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы | 044-45/ 1 беттің 20 беті |
| Практикалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | |

37,2 ° С. Оң жақ жақ астындағы жұмсақ тіндер ісінеді, гиперемацияланған, тығыз, пальпация кезінде ауырады. Төменгі ерін терісінің сезімталдығы, он жақтағы иек төмендетілген. Щетка аумағында сол жақта түйіршіктегі шығып тұрған жыланкөздің аузы анықталады.

Аузының айналасындағы тері ісінген, гиперемирленген. Пальпация кезінде аз мөлшерде ірің бөлінді. Төменгі жақтың альвеолярлық бөлігінің кілегей қабығы оң жақта ісінеді, гиперемирленген, тығыз, вестибулярлық және тілдік беттерінен пальпация кезінде ауырсынады. Тістер 3.4, 3.5, 3.7, 3.8 II дәрежелі патологиялық қозғалысқа ие.

- 1 Алдын ала диагноз қойыңыз, оны негізденіз.
- 2, Аурудың себебін, патогенезін түсіндіріңіз.
- 3 Зерттеудің қандай қосымша әдістері өткізу керек ?
- 4 Емдеу жоспарын қалдырыңыз.
- 5 Ауру болжамы қандай?

№ 3 жағдаяттық есеп

23 жастағы Т. пациент төменгі жақ сүйегінің сол жағында ауырсынатын ісінуге шағымданып келді . Аурудың даму анамнезі. Екі ай бұрын 3.6 тісте ауыруы пайда болды. 3.6.тіс емделген, түбір каналдары пломбалаған болса да тістеген кезде 3.6 тістің ауырсынуы сақталды. Төрт күн бұрын тіс ауырсынуы күшейіп, сол жақ сүйек аймағында ісіну пайда болды, дене қызыу 37 ° С дейін көтерілді. Өмірдің анамнезі. Омыртқаның остеохондрозы. Созылмалы гастрит. Аллергоанамнез қалыпты. Объективті. Жалпы жағдайы қанағаттанарлық. Дене температурасы 37 ° С. Тыныс алу еркін. ТСС минутына 78 соққы. АҚ 120/70 мм сынап бағаны Сол жақ сүйек асты аймағында пальпация кезінде қатты ауыратын, «түзілу» диаметрінде 2,0 см-ге дейінгі көлемдегі сопақша пішіндер анықталады. Олардың үстіндегі тері гиперемацияланған. Ауызды ашу еркін. Ауыз қуысының шырышты қабығы ақшыл-қызғылт түсті, ылғалды. Вартон ағынынан сол жақтан мөлдір сілекей бөлінеді. Тілі ылғалды, ақ түсті қақпен қапталған, қозғалмалы. 3.6.тістің сауыты пломбаланған. Тістің перкуссиясы ауырады. I дәрежелі патологиялық қозғалыс. Тістің түбірінің 3.6 ұшы проекциясындағы пальпация ауру.

- 1 Алдын ала диагноз қойыңыз, оны негізденіз.
- 2 Ауру себебін, патогенезін атаңыз.
- 3 Диагнозды нақтылау үшін зерттеудің қандай қосымша әдістерін жүргізу керек
- 4 Дифференциалды диагноз қойыңыз.
- 5 Пациентті емдеу жоспарын жасаңыз.

№ 4 жағдаяттық есеп

| | |
|---|--|
| ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы | 044-45/ 1 беттің 21 беті |
| Практикалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | |

22 жастағы пациент Ш. оң жақта мойынның ісінуіне шағымданды. Аурудың даму анамнезі: Бір жыл бұрын оң жақта мойынның бүйір бетінде ісіну пайда болды. Себебін айта алмайды. Дәрігерге бармады, тексерілмеді. Дене жүктемесі кезінде шаршаудың, терлеудің, бас ауруының пайда болуын айтады. Өмірдің анамнезі. Шылым шегеді. ЖРЗ жылына 1-2 рет. Екі жыл бұрын екіжақты пневмонияға шалдыққан, созылмалы бронхитпен ауырған. Бес жыл бұрын жабық бас сүйек-ми жарақатын алған. Объективті. Жалпы жағдайы қанағаттанарлық. Дене температурасы 36,9 ° С. Тыныс алу еркін. ЖСС минутына 68 соққы. АҚ 120/70 мм сынап бағаны Беті симметриялы, терісі бозғылт. Мойынның оң жақ бүйір бетінде алдыңғы жиегі бойымен төрт лимфа түйіні тығыз консистенцияда, айқын шекаралары бар, ауыртпалықсыз, жылжымалы, сопақша пішінде пальпацияланады. Ауыз қуысының шырышты қабығы ақшыл-қызылт түсті, ылғалды. Тілі ылғалды, ақ түсті қақпен қапталған, жылжымалы. Тістердің ауыртпалықсыз перкуссиясы. Тістердің патологиялық қозғалысы жоқ.

- 1 Алдын ала диагноз қойыныз, оны негізденіз.
- 2, Аурудың ықтимал себептерін сипаттаңыз.
- 3 Диагнозды нақтылау үшін зерттеудің қандай қосымша әдістері қажет?
- 4, Қандай зерттеу жүргізу арқылы АИТВ инфекциясын бар жоғын анықтауға болады?
- 5 Дифференциалды диагноз қойыныз.

№ 5 жағдаяттық есеп

25 жастағы В., жұтқан кезде оң жақтағы тәменгі тісте, тамақта үнемі ауырсыну, ауызды ашу қыындығы жайлы шағымданды. Аурудың даму анамнезі. 6 ай бойы тамақ қабылдауда оң жақтағы тәменгі жақтың ауыруы байқалған. 4 күн бұрын тоңазудан кейін ауырсыну күшейіп, тұрақты болды, ауызды ашу қыынға соқты. Тамақты жұтқан кезде ауру сезіледі. Анальгин ішіп, аузын сода ерітіндісімен шаяды, бірақ жақсарған жоқ. Өмірдің анамнезі. Аллергиялық анамнез қалыпты. Созылмалы гастрит.

Объективті. Жалпы жағдайы қанағаттанарлық. Дене температурасы 36,7 ° С. Тыныс алу еркін. ТСС 72 соққы/мин АҚ 122/80 мм сынап бағаны. Бет конфигурациясы өзгерілмеген. Терінің реңі физиологиялық жағдайда. Жақ асты аймағында оң жақтан 1,0x1,5 см қөлемдегі қозғалмалы, ауырсынғыш лимфа түйіні пальпацияланады. Ауыздың ашылуы 2,5 см-ге дейін шектелген, 4.8.тістің сауытты бөлігі шырышты қабықшамен жабылған, Ретромолярлық аймақтың шырышты қабығы оң жақтан гиперемацияланған, ісінген, пальпация кезінде ауырсынғыш.

| | |
|---|--|
| OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы | 044-45/ 1 беттің 22 беті |
| Практикалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | |

1. Алдын ала диагноз қойып, оны негізденіз.
- 2 Аурудың себебін, патогенезін түсіндіріңіз.
- 3 Зерттеудің сәулемелік әдісін сипаттаңыз, қорытынды жасаңыз.
- 4 Емдеу жоспарын жасаңыз.
- 5 Аурудың ықтимал асқынулары қандай?

№6 сабак

1. Тақырып: Жедел одонтогенді остеомиелит.

Жақтардың созылмалы одонтогенді остеомиелиті. Диагностика және емдеу принциптері.

2. Мақсаты: Одонтогенді остеомиелитті диагностикалау мен емдеуде білім мен дағдыларды қалыптастыру.

3. Оқытуудың мақсаты: Білім алушы остеомиелиттің пайда болу теориясы бойынша теориялық білімді білу қажет. Одонтогенді остеомиелиттің этиологиясы мен патогенезін білу

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Одонтогенді остеомиелит этиологиясы.
2. Клиникасы, диагностикасы.
3. Дифференциалды диагностика.
- 4 Емдеу.

5 Дәрі-дәрмекпен сүйемелдеу

5. Оқыту мен оқытуудың әдістері/технологиясы: Тест тапсырмалары мен жағдаяттық есептерді шешу

6. Бағалау әдістері/технологиялары: Тесттік тапсырмалардың орындалуын бағалау, жағдаяттық есептерді шешуін бағалау

7. Әдебиеттер: Силлабуста көрсетілген

8. Бақылау:

- 1 Жақтың одонтогенді остеомиелитін анықтау
 - 1) жақ сүйек кемігінің қабыну процесі
 - 2) сүйек-ми кеністігінің қабыну процесі
 - 3) жақ сүйегі остеондарының қабыну процесі
 - 4) жақтағы инфекциялық ірінді-некротикалық процесс
 - 5) жақтың және қоршаған жұмсақ тіндердің қабыну процесі
- 2 Шаргородский А.Г. бойынша остеомиелит көзіндегі патологиялық процестің мәні
 - 1) остит
 - 2) периостит

| | |
|---|--|
| ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Хирургиялық және ортопедиялық стоматология» кафедрасы | 044-45/ 1 беттің 23 беті |
| Практикалық сабактарға арналған әдістемелік нұсқаулар | |

- 3) миелит
4) паностит

3 Сүйек кемігінің ірінді инфильтрациясы остеомиелит сатысына сәйкес келеді

- 1) жіті
2) жітілеу
3) созылмалы деструктивті процестердің басым болуымен
4) созылмалы өнімділік процестері басым болуымен
5) созылмалы гиперпластикалық процестер басым болуымен

4 жақтың жіті остеомиелиті кезінде ауырсыну

- 1) себепті тісте тұрақты
2) себепті тісте ұстама тәрізді
